

**БҰҰ-НЫҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ БӨЛІМІНІҢ БАС ДИРЕКТОРЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ:**

«Мемлекеттік тіл — ұлттың ұйытқысы»

Тіл: Елбасымыз биылғы Жолдауында: «2020 жылға дейін Қазақстан халқының 95 пайызы мемлекеттік тілді білуі тиіс» деп айтқан болатын. Мемлекеттік тілді жетік білетін білікті мамандардың аздығы әлі де кадр дайындау мәселесіне көбірек назар аударуды талап етеді. Жалпы, тілдің бүгінгі ахуалы туралы не ойлайсыз?

— Ана тіліміздің орасан байлығы мен қуаты, кемелдігі мен кендігі — ешқандай талас тудырмайтын ақиқат. Тіпті, мен — қазақ халқының сан ғасырлар бойы тарихтың тегеурінді сынақтарынан аман-есен өтіп, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттігіне қол жеткізген ұлы жеңісінде қаймағы бұзылмай сақталған туған тіліміздің алар орны айрықша деп айтар едім. Мемлекеттік тілдің қазіргі қоғам өміріндегі маңызы мен салмағы күннен-күнге арта түсуде.

«Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» деп айқын бағдар берген Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «мемлекеттік қызметкерлердің қабілет-қарымдысына, соның ішінде қазақ тіліне қамшы салдырмайтындарына жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек. Әсіресе мемлекеттік қызметке қабылданған қазақ қазақша сөйлеуі керек. Болмаса, басқа ұлттың өкіліне қалайша мұндай талап қоя аламыз. Әрбір министрлік, әкімшіліктер мемлекеттік тілге барынша қолдау

көрсетіп, ынталыларға көмекті аямау керек» — деп нақты талап қойған болатын.

Тіл туралы айтқанда, мәселе белгілі бір бағдарламаны немесе жоспарды орындауда емес, жалпы ұлттың тілін, оның мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтай отырып, оның қолданыс аясын мейлінше кеңейту, қоғамдағы рөлін одан ары арттыру жайында болып отырғанын түсіну керек. Осынау абыройлы парызды орындауда басты жауапкершілік ең алдымен қазақ ұлтына түсетіндігі айқын. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың өткен ғасырдың басында: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген ескертуінің көрегендікпен айтылғандығына — бүгінде жер бетінен жойылып кеткен көптеген ұлттардың тағдыры куә. Олай болса, ұлттың ұйытқысына айналған тілдің тағдырына шынайы жанашырлықпен, мемлекеттік тұрғыда жалпы ұлттық мәселе деп көңіл бөлу қажет. Соның ішінде заңнамалық салада, әсіресе, заң жобаларын ең алдымен мемлекеттік тілде дайындау, ол үшін әрбір сала бойынша кәсіби деңгейде тілді жетік меңгерген білікті мамандар даярлау ісі — күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай ілгерілеу бар, алайда атқарылатын шаруа әлі де аз емес. Негізі, бұл мәселе түпкілікті шешімін табатынына толық сенімдімін.



Тіл: Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері әлемді дербес мемлекет ретінде мойындатып, ашық ел ретінде келбетін қалыптастырды. Көптеген мемлекеттерде біздің елшіліктеріміз жұмыс жасауда. Бұл ел болашағы үшін маңызды шараларды жүргізуде Сіздің қосқан үлесіңізді ерекше атауға болады. Тәжірибесі бір күнде емес, жылдар бойы жинақталып қалыптасқан, кәсіби біліктілігі жоғары дипломат ретінде бүгінде осы сала бойынша қызмет атқарып, елімізді танытар елші болуды армандап жүрген жас мамандар жөніндегі ойыңызбен бөліссеңіз.

— Жалпы алғанда, еліміздің дипломаттарының кәсіби деңгейі жылдан-жылға биіктеп өсу үстінде. Тәуелсіздік жылдарында халықаралық қалыптарға сай қызметкерлердің бірнеше буыны даярланды. Соның ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдердің танымал оқу орындарын бітірген жас мамандар мемлекеттік, соның ішінде дипломатиялық қызметкерлер қатарын да толықтыруда. Ұзақ жылдар аталған салада қызмет еткендіктен, талантты, отансүйгіш, мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын азаматтардың өсіп шығуына мүдделі жандардың бірімін. Ең бастысы, әрбір жастың халықаралық тәжірибені меңгере отырып, өз елінің мүддесін ойлайтын, ұлттық келбетін сақтаған, намысшыл болғаны абзал. Тұтастай алғанда сыртқы жұрт белгілі бір елді оның ұлы тұлғалары, әдеби туындылары, өнері арқылы естіп-біліп, дипломатия қызметкерлері арқылы танитын болғандықтан, халықаралық қарым-қатынас саласында жүрген жастардың ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті бойларына сіңіруі, ана тілін жетік меңгеруі оларды маман ретінде биіктете түсері сөзсіз.

Тіл: Ұлттың дамып өркендеуі — оның әрбір өкілінің қаншалықты және қалай тәрбиеленгеніне тікелей байланысты. Сіздің әкеңіз Кемел Тоқаевтың қаламынан туған дүниелермен талай қазақ баласы сусындап, тәрбие алып шыққаны жасырын емес. Осындай парасатты да рухы биік, патриот тұлға — Сіздің әкеңіз туралы оқырмандарымызға кеңірек баяндап берсеңіз.

— Ұлттың ғана емес, жалпы мемлекеттің дамып өркендеуі үшін оның әрбір азаматының алған білім деңгейінің, әлбетте, тәлім-тәрбиесінің орны айрықша. Дана халқымыз: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мағынасы терең сөзді тегін айтпаса керек. Сондықтан біздің елімізде жас ұрпақтың сапалы білім алуына, өркениет талаптарына сай тәрбиеленуіне айрықша көңіл бөлініп отырғанын атап өткім келеді. Әсіресе, ана тілінде тәрбие беретін қазақ мектептерінің саны жыл сайын көбейіп келе жатқаны қуантады. Білім ордаларында жас ұрпақтың міндетті оқу бағдарламаларын игеруімен қатар рухани тұрғыдан дамуын да мұрат еткеніміз абзал. Бұл орайда, көркем әдебиеттің, әртүрлі мәдени іс-шаралардың тәрбиелік ықпалына, спорты, салауатты өмір салтын насихаттауға бірінші кезекте мән берілуі тиіс.

Еліміздің өркениетті, табысты болуы адамдардың, әсіресе жас ұрпақтың біліміне және денсаулығына байланысты. Әрдайым алға ұмтылу, әрбір азаматтың жасампаздық еңбегі еліміздің келешегін анықтамақ.

Ұлттық білім жүйесін дамыту жандық бөсекеңнің басты элементі

болуымен қатар, маңызды адам құндылығына айналып отыр. Бұл тұрғыда Қазақстан өзінің бай дәстүрімен, қуатты әлеуетімен өзіміздің білім жүйемізді — мектеп қабырғасынан бастап университетке дейін — әлемдегі озық үлгілер қатарына жеткізе алуына толық мүмкіндігі бар. Сондықтан күн санап, жаңа ұрпақ, жаңа заман қалыптарына сай, қазіргі экономика талаптарына жауап беретін білімге көшуді қамтамасыз ету қажет.

Әрине, дәстүрлі, халықтық тәрбиеде қазақ қаламгерлерінің, сондай-ақ көрнекті мәдениет, өнер қайраткерлерінің айрықша еңбектерінің ықпалы болатыны рас. Ұлы Абай да «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп, жас ұрпақты жақсылардың өнегесін үйренуге үндеген емес пе? Сондай өнегелі, тәлімді ғұмыр кешкен тұлғалардың өмірі — кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына. Өткен кезеңдерді айтпағанның өзінде, ұлтымыздың рухани қуатын арттыруға орасан зор еңбек сіңіріп жүрген ардақты азаматтар, шүкір, қазір де арамызда баршылық.

Менің әкем, қаламгер Кемел Тоқаев нағыз қазақ жазушысы болды. Мектепте оқыған кезінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін өте жақсы көріп, ұлы Абайдың шығармаларын жаттап өскенін айтатын. Әкей университетте оқыған жылдары қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің лекцияларын тыңдау бақыты бұйырғанын әрдайым ілтипатпен еске алатын. Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі жаңа тақырып — детектив жанрының негізін қалаушы ретінде танылғаны өздеріңізге белгілі. Оқырмандардың көптеген өтініштері бойынша,

Ұлы Абай да «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп, жас ұрпақты жақсылардың өнегесін үйренуге үндеген емес пе? Сондай өнегелі, тәлімді ғұмыр кешкен тұлғалардың өмірі — кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына.

жақында жазушының екі томдық шығармалар жинағы бірнеше жылдардан кейін қайта жарыққа шықты. Әрине, перзенттері ретінде біз әкеміз туралы шын көңілден айтылған әрбір жүрекжарды пікірге шын жүректен қуанамыз. Өз балаларын лайықты тәрбиелеп қана қоймай, туған әдебиетінің тұтас бір саласын дамытуға үлес қосқан әкеміздің алдында перзенттік парызым шексіз екенін түсінемін. «Әке туралы ой-толғау» атты кітапты жазуыма бір жағынан осы, екінші жағынан замандастарының әкеме деген ыстық ықыласы түрткі болды.

Тіл: Көрші мемлекет Қытай Халық Республикасы – бүгінгі таңда бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып, экономикасы жағынан қарқынды дамып келе жатқан ел. Бұл осы мемлекеттің тілін үйренуге деген асқан қызығушылықты туғызып отыр. Қазіргі таңда Қазақстаннан барған 3000-нан аса жастардың қытай тілін үйреніп, Қытайдың әр түрлі жоғары оқу орындарында білім алып жатқанын білеміз. Бұл мамандар елге оралған кезде, қытай компанияларының біздің елімізде қарқынды жұмыс істеуіне мүмкіндік берері сөзсіз. Сол жөніндегі Сіздің пікіріңізді білгіміз келеді.

– Сөзіңіз орынды, оңтүстіктегі Қытай мемлекеті – біздің шекарамыз ортақ ежелгі көршіміз, қазір ол аймақтық саяси ойыншыдан дүниежүзілік қауымдастықтағы ұлы державалардың деңгейіне көтерілді. Сондай-ақ, Бейжіңнің дүниежүзілік сауда-экономикалық қатынастарындағы үлесі күрт өсіп, әлемдегі қауіпсіздік жүйесінің шешуші факторларының біріне айналуда. Қуат көздерін пайдалану тұрғысынан Қытай Жапонияны ығыстырып, әлем бойынша екінші орынға шықты. Көп елдерде Қытайдың экономикалық даму тәжірибесіне қызығушылық барған сайын өсуде.

Біздің ел мен Қытайды байланыстырып отырған экономикалық даму факторларымен қатар, сан ғасыр бойы қилы тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, халықтарымыз аңсаған тату көршілікке Елбасының тікелей табандылығы мен парасаттылығының арқасында қол жеткізгеніміз, ауызекі тілмен

айтсақ «ар жақтағы қандастарымыз» да екі елді жалғап тұрған өзінше бір көпір. Біздің жастарымыздың Қытайда оқығаны бұл, жалпы жаман емес, өйткені қытайлар сияқты көршімізді іштен зерттеп түсінуге мүмкіндік алады, қытай халқының ерекшеліктерін, мінез-қылығын танып-біле бастайды. Қазақстандық жастардың Қытай жоғары оқу орындарында оқып, қытай тілін үйренуге бет бұруы – заман талабы деп ойлаймын. Болашақта олар тиісті мамандықтарын алған соң, елімізге оралып, екі ел арасындағы сауда-экономикалық, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастардың одан ары дамуына өз үлестерін қосары кәміл.

Тіл: Тіл үйретуші мамандардың көпшілігі: «тіл үйрену үшін, ынта мен талап және үйреніп жатқан тілде сөйлейтін орта қажет» деп есептейді. Бірнеше тілді жетік меңгерген, әсіресе ұзақ уақыт сыртта, басқа тілдік ортада болсаңыз да ана тіліңізде жатық сөйлейтін тәжірибелік қоржыны бай адам ретінде тіл үйренушілерге қандай кеңестер берер едіңіз?

– Қандай да болмасын бір тілді жетік меңгеру үшін, ең алдымен, оны білуге деген қажеттілік туындауы тиіс деп ойлаймын. Екіншіден, әрбір адамға тілді үйренуге деген ниет, ынта және инемен құдық қазғандай табанды еңбек қажет. Ал, ана тілін білу – әрбір адамның азаматтық парызы деп санаймын. «Оқулық жоқ» деген желеулер – тіл үйренгісі келмеген адамның сыныққа сылтауы. Бүгінгідей мүмкіндіктер жағдайында деп қол қусырып қарап отыру қисынсыз деп ойлаймын.

Ал менің шет тілдерін үйрену тәжірибеме келсек, қытай тілін үйренудің онайға соқпағанын айтар едім. Алайда, бойымыздағы энтузиазм, қытай тілінің қыр-сырын жетік меңгеруге деген мол құштарлығымыз бен ынта-ықыласымыз қандай да қиындықты жеңуімізге негіз болды. Қытай тілі мұхит тәрізді: алысқа жүзген сайын оның жағалауы әлі алыс екенін ұға түсесің. Тек тілдік тағылымдаманы толық аяқтап, көп нәрсені үйренгеннен кейін, оқулықтар және басқа да том-том кітаптарды зерделеп оқып шыққан

соң барып мен өзімнің қытай тілін меңгергенімді түсіндім.

Сондықтан да, кейде біздің жоғарғы оқу орнын енді бітірген балауса жастарымыз дәйексіз сеніммен – белгілі бір шет тілін, айталық, қытай тілін «жетік» білемін дегенде өздерінің шындықтан асыңқырап кеткенін сезіне бермейтіні өкінішті. Ол үшін ұзақ жыл маңдай тер төгу қажеттігін ешқашан естен шығаруға болмайды. Сонда ғана Елбасымыздың өзі нақты бағыт беріп отырғандай, кемінде үш тілді жақсы меңгерген жастарымыз күн санап көбейе берері кәміл.

Тіл: Елбасы тұжырымдаған мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы болуы тиіс деген келелі ойды алға тарта отырып, осы мәселенің төңірегінде қоғамдық ой-пікірді тым саясиландырып алған жоқпыз ба деген ой туады. Тіл мәселесі – саяси дау-дамайдың тақырыбына айналған жерде істен гөрі сөздің көбейе беретіні байқалады. Бұған қалай қарайсыз?

– Қазақстанда өмір сүріп, қызмет істейтін қай ұлттың өкілі болсын, еліміздің мемлекеттік тілін меңгеруі – өмір талабына айналып отыр. Мұны саяси мәселеге айналдырып, тіліміздің тағдырын додаға салу – өнбейтін іс. Бұл мәселеде тілге жанашыр әрбір адам сөзден нақты іске көшкенде ғана бұл шаруаның бүтінделе түсетіні даусыз.

Жас ұрпақтың тілі ана тілінде шығып, өз тілінде білім алуына қазір толық мүмкіндік бар. Бұл Елбасының ұдайы назарында тұрған ең өзекті мәселе екені баршаға мәлім. Міне, осындай мүмкіндікті ең алдымен қазақтардың өздері және басқа да ұлт өкілдері тиімді пайдалануы керек. Елімізде білім мен тәрбие беру деңгейі айтарлықтай жоғары қазақ мектептерінің қатары күн санап көбейіп келеді, білікті ұстаздарымыз да жетерлік.

Осы мақсатқа жету үшін біздің қоғамымызда ең алдымен қазақ тілі өзінің лайықты мәртебесіне толыққанды ие болуы керек. Қазақ тілін білу – өте құрметті, абыройлы, биік мәртебе болуы қажет.

суретбаян

БҰҰ-НЫҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ ШТАБ-ПӘТЕРІ ЖЕНЕВАДАҒЫ ҰЛТТАР САРАЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЕКІНШІ ҮЛКЕН ОРТАЛЫҚ. ЖЫЛЫНА БҰЛ ШТАБ-ПӘТЕРДЕ 8000-НАН АСТАМ ЖИЫНДАР ӨТЕДІ. ОНЫҢ 600-ДЕН АСТАМЫ ІРІ КОНФЕРЕНЦИЯЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



БҰҰ-НЫҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ бөлімінің Бас директоры Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мунның алдында ант беріп тұр. Ант беру рәсімі БҰҰ-ның арнайы символы Хартияның үстіне сол қолын қою, оң қолын көтеру арқылы жүзеге асады.

UN Photo/Rex Babinis



UN Photo/Marco Castro

2010 ЖЫЛДЫҢ 6 сәуір айында БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун зайыбы Ю Сун Дэк ханыммен Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Семей полигонында болып қайтқан еді.



UN Photo/Wimber Dettelle

2006 Ж. 22 ҚЫРКҮЙЕГІ. Қазақстанның сол кездегі Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаевтың БҰҰ Нью-Йорктегі штаб-пәтерде өткен Бас Ассамблеяның 61-ші сессиясында сөйлеген сәтінен